

Смағұлов Мыржақып

1910 жылы Торғай уезі Жаркөл ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. 1933 жылы Аманкелдіге көшіп келген. 1941 жылы Қызыл әскер қатарына шақырылып, Сталинград түбінде снайпер болып шайқасқа түскен. 1945 жылы аяғынан ауар жараланып елге оралған. 1942 жылы Сталинград елді-мекенін азат етуде ерлігімен көзге түсіп "Қызыл Жұлдыз" орденімен, кейін I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталады. Соғыстан кейін еңбек жолын жалғастырып, сауат ашудан дәріс берген. Соғыс салған жараның зардабынан 1972 жылы өмірден озды.



